

"Микробиология, вирусология және паразитология зертханаларының құрылысына және жұмыс істеу жағдайына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылғы 21 қаңтардағы N 63 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 3 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 2692. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 30 маусымдағы N 476 бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.06.30 N 476 бұйрығымен.

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған "Микробиология, вирусология және паразитология зертханаларының құрылысына және жұмыс істеу жағдайына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормалары бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі, Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері А. Белоногқа жүктелсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылғы 21 қаңтардағы Микробиология, вирусология және паразитология зертханаларының құрылысына және жұмыс істеу жағдайына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормаларын бекіту туралы" N 63 бұйрығымен бекітілген

"Микробиологиялық, вирусологиялық және паразитологиялық зертханаларда жұмыс істеу кезінде құрылысқа, техника қауіпсіздігіне, өндірістік санитарияға, індетке қарсы режимге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормалары 1. Жалпы ережелер

1. Осы санитарлық ереже мен нормалар (бұдан әрі - Санитарлық ереже) меншік нысанына қарамастан, қызметі бактериологиялық, вирусологиялық, серологиялық және паразитологиялық зерттеулер жүргізу жөніндегі зертхананы жобалаумен, құрылысын салумен, қайта қалпына келтірумен және жұмыс істеуімен байланысты жеке және заңды тұлғаларға арналған.

2. Құрамында зертханалар бар ұйымдардың басшылары мен зертханалардың меңгерушілері осы Санитарлық ереже талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

3. Осы Санитарлық ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар п а й д а л а н ы л д ы :

1) авариялық жағдай (бұдан әрі - авария) - зертханада биологиялық материалмен жұмыс істеу кезінде персоналдың жұқтыру мүмкіндігін тудыратын және инфекцияның нақты немесе ықтимал таралу қаупін төндіретін жағдай;

2) антиген - қанда, лимфа мен тіндерде жасуша иммунитетінің элементтері мен антиденелердің (гуморалды иммунитет) пайда болуын туындататын о р г а н и з м ү ш і н б ө т е н з а т ;

3) антиденелер - организмде бөтен заттармен байланысқан кезде пайда болатын және олардың зиянды әрекеттерін бейтараптандыратын заттар;

4) биологиялық агенттер (бұдан әрі - БА) - бактериялар, вирустар, риккетсиялар, таз құрттар, қарапайымдылар, микоплазмалар, гельминттер, биологиялық және өсімдік текті уыттар мен улар, сондай-ақ өзге де м и к р о о р г а н и з м д е р ;

5) биологиялық қауіпсіздік - жұмысшы персоналды, тұрғындар мен қоршаған ортаны патогенді биологиялық агенттердің әсерінен қорғауға бағытталған құралдар мен іс-шаралардың жүйесі;

6) бокс - зарарсыздану жағдайында зерттеулер жүргізуге арналған арнайы ү й - ж а й ;

7) виварий - кейіннен эксперименттер үшін жіберілетін зертхана жануарларының сан алуан түрлері ұсталатын және көбейетін ұйым бөлімшесі;

8) вирусология зертханасы - биологиялық материал мен қоршаған орта объектілерінен вирустардың бөлінуі, антигендерді, антиденелерді анықтау және

олардың қасиеттерін зерделеу жөніндегі зерттеуді орындаушы зертхана;

9) диагностикум - зерттелетін материалда антигенді, антиденелерді, дезоксирибонуклеинді (бұдан әрі - ДНК) мен рибонуклеинді (бұдан әрі - РНК) қышқылдарды анықтауға арналған препарат;

10) "жұқпалы" аймақ - микроорганизмдерді жұқтырған немесе жұқтыруға күдікті материалды қабылдау мен зерттеуді жүргізілетін зертхана үй-жайы;

11) сәйкестендіру - микроорганизмдердің белгілі бір түрге (үлгіге) тиістілігін анықтау;

12) инсектарий - эксперименттік мақсаттар үшін қолданылатын жәндіктерді ұстауға, шығаруға немесе көбейтуге арналған ұйым бөлімшесі;

13) қауіпсіздік кабинеті (бокс) - микроорганизмдермен зерттеу жүргізуге арналған арнайы тұмшалы құрылма;

14) миркобиология зертханасы - биологиялық материал мен қоршаған орта объектілерінде миркоорганизмдерді анықтау және олардың қасиеттерін зерделеу жөніндегі зерттеуді орындаушы зертхана;

15) паразитология зертханасы - биологиялық материал мен қоршаған орта объектілерінде гельминттер мен қарапайымдыларды анықтау және олардың қасиеттерін зерделеу жөніндегі зерттеуді орындаушы зертхана;

16) патогенді биологиялық агенттер (бұдан әрі - ПБА) - бактериялар, вирустар, риккетсиялар, құрттар, қарапайымдылар, микоплазмалар, эндо- және экопаразиттер, биологиялық және өсімдік текті уыттар мен улар немесе құрамында олардың болуына күдікті материал, сондай-ақ аталған ПБА геномы фрагментін қамтитын және адам үшін қауіп төндіретін жаңа микроорганизмдер;

17) құсықтар - құстар құсатын тағам қалдықтарынан тұратын фрагменттер;

18) боксқа кіреберіс - бокстың алдындағы үй-жай;

19) өндірістік зертхана - өндіріс процесінде өнімді зертханалық зерттеу мен сынақтан өткізуді жүзеге асыратын ұйымның зертханасы;

20) серологиялық зерттеу - антигендер мен антиденелердің әсерін зерделейтін зерттеу;

21) зарарсыздандыру - сан алуан заттар мен құралдардың микроорганизмдерден толық арылуы;

22) жылу бөлмесі - жылу сақтайтын материалмен жабдықталған, белгіленген температураның тұрақтылығын қамтамасыз етуші бөлме;

23) "шартты түрде таза" аймақ - зерттеулер өткізуге (қайнату, құю, ортаны зарарсыздандыру) дайындық жүргізілетін зертхана үй-жайы;

24) "таза" аймақ - микроорганизмдерді жұқтырған немесе оған күдікті материал келіп түспейтін зертхана үй-жайы;

25) штамм - микроорганизмнің таза өсіндісі.

2. Зертхана үй-жайларына және орналасуына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

4. Зертхана аумақтары, ғимараттары қолданыстағы құрылыс ережелері мен нормаларының (бұдан әрі - СНМЕ) талаптарына сәйкес келуі және осы Санитарлық ереженің 1, 2, 3, 4-қосымшаларына сәйкес үй-жайлары мен алаңдары болуы тиіс.

5. Зертхана ғимараттары жеке жер учаскесінде орналасуға тиісті. Жер учаскесінің аумағы қоршалған, таза болуы тиіс, онда зертхана жұмысына тікелей қатысы жоқ объектілердің орналасуына тыйым салынады.

6. Зертханада су құбыры, кәріз, электр жабдығы, орталық жылу және ыстық сумен жабдықтау, желдету, механикалық желдеткіші бар бокстар болуға тиіс.

7. Елді мекенде орталықтандырылған су құбыры мен кәріз болмаған жағдайда жергілікті су құбыры мен кәріз орнатылуға тиіс. Зертханалар қызметшілер қолын жууға арналған раковиналармен және ыдыс пен мүкәммалды жууға арналған раковинамен немесе ваннамен жабдықталуға тиіс.

8. Тартпалы шкафтар желдеткіштерінің ажыратқыштары олардың қасында, шкафтардағы аспаптарды қосуға арналған розеткалар - сыртқы панелде, газ крандары - алдыңғы борттарда, штепселді розеткалар - тартпалы шкафтан тыс жұмыс үстелінің бүйірінде орналасуға тиіс.

9. Зертханалық үй-жайлардағы ауа температурасы $18-21^{\circ}\text{C}$ шекте болуға тиіс. Үшінші және төртінші климаттық аудандары үшін жазғы кезеңде ауаны салқындататын кондиционерлер орнатылады. Жұқтырылған материалмен жұмыс істеген кезде кондиционерді суыру қажет.

10. Зертхана үй-жайлары табиғи және жасанды жарықтандырылуға тиіс. Люминесценттік микроскоппен жұмыс жүргізілетін бөлмеде, фото бөлмеде, душта, санитарлық торапта, қойма үй-жайларында табиғи жарықтандыру көзделмеуіне жол беріледі. Бокстардың терезе жақтаулары тығыздайтын төсемдерді қолдана отырып, орындалуға тиіс.

11. Едендер, қабырғалар, төбелер тегіс, тез жуылатын, дезинфекциялық құралдар әрекетіне төзімді болуы тиіс, едендері тайғанақ болмауы керек. Зертхана үй-жайлары кеміргіштер мен жәндіктер кірмейтіндей болуы керек.

12. Зертхананың екі кіреберісі болуы тиіс. Қызметшілер үшін кіреберісте санитарлық өткізгіш көзделеді.

13. Зертхана күзет сигнализациясымен жабдықталуға тиісті. Зертхана бірінші қабатта орналасқан кезде барлық бөлмелердің терезесінде торша болуға тиіс. Жұқтыру блогының бокстары мен басқа да бөлмелерінің терезелері тас қылып жабылуға тиіс.

14. Зертхана үй-жайларының жайғастыру жоспары "таза" және "жұқпалы" аймақтардың бір-бірімен қиылысуын көздемеуі тиіс. Үй-жайлар есіктеріне олардың мақсаты көрсетілген тақтайша ілінеді.

15. Зертханада "таза" және "жұқпалы" аймақтар болуы керек. I-II патогендік топтар микроорганизмдерін жұқтырған немесе жұқтыруға күдікті материалмен жұмыс жүргізілетін зертханалар мынадай үш аймаққа бөлінеді: "жұқпалы", "шартты түрде таза", "таза".

16. Тіркеу орны мен сынамаларды қабылдауға арналған үй-жай зертханаға кіреберісте орналасуы керек. Зертханада материал алуға арналған пункт болған кезде персонал мен тексерілетін адамдар үшін бөлек дәретханалар қарастырылады.

17. Өндірістік қажеттілікке қарай зертхана боксқа кіреберісі бар қызу бөлмесімен жабдықталады.

18. Барлық бокстар шолушы (шыны есік немесе қабырғалары арқылы) болуы тиіс және олардың қол жууға арналған раковина (қолжуғыш), айна мен дезинфекциялық құрал бар ыдыс орнатылған бокс кіреберісі болуы керек. Авариялық дыбыс немесе жарық сигнализациясы бокстан қызметшілер ылғи болатын үй-жайға шығарылуы тиіс.

19. Жұмыс орындарындағы немесе жабдықтың аралығының негізгі өткелінің ені шығыңқы құрылымды ескере отырып, кемінде 1,5 метр болуы тиіс.

20. Дәліздерде өртке қарсы мүкәммал жинағы бар қалқан болады. Отпен немесе жарылатын реактивтермен және өртенуге қауіпті қыздырылатын аспаптармен жұмыс жүргізілетін үй-жайларда өрт сөндіргіштер болуы тиіс.

21. Зертхана жиһазы ылғал мен дезинфекциялық құралдардың әсеріне төзімді, ашық түсті боялған болуы тиіс.

22. Эпидемиологиялық жасақтардың, экспедициялардың уақытша зертханалары қауіпсіздік талаптары сақталғанда, сумен, электр қуатымен, жергілікті кәрізбен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілгенде ыңғайланған ғимараттарда, үй-жайларда орналасуы мүмкін.

23. Аумақта вивария болғанда оның және тұрғын үй мен қоғамдық ғимараттардың арасындағы арақашықтық кемінде 50 метр болуы керек.

3. I-IV патогенді топтар микроорганизмдерімен жұмыс істеуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

24. Меншік нысанына қарамастан, әрбір зертхананың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгілеген тәртіппен I-IV патогенді топтар

микроорганизмдерімен және гельминттермен жұмыс істеуге осы Санитарлық ережеге 5, 6-қосымшаларға сәйкес індетке қарсы (бұдан әрі - режимдік) комиссия берген рұқсаты болуға тиіс.

25. Рұқсатты келесі микроорганизмдермен жұмыс жүргізуге мыналар:

1) I-IV патогенді топтармен және гельминттермен жұмыс істеуге ғылыми-зерттеу институттарына (ғылыми орталықтарға), республикалық ауруханалық ұйымдарға, республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станцияларға, облыстық, қалалық (Алматы, Астана) санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталықтарына, обаға қарсы күрес станцияларына, сондай-ақ республикалық және облыстық мәні бар басқа да ведомстволарға - халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның орталық режимдік комиссиясы;

2) III-IV патогенді топтармен және гельминттермен жұмыс істеуге қалалар мен аудандардың аумақтарында орналасқан зертханаларға - облыстық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органының жанындағы тиісті режимдік комиссия.

26. Режимдік комиссияның құрамына тиісті деңгейдегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталықтарының мамандары енгізілуі керек. I-IV патогенді топтар микроорганизмдерімен және гельминттермен жұмыс істеуге рұқсат мыналардың негізінде 5 жыл мерзімге беріледі:

1) зертхана сызбасы қоса, оның бейініне сәйкес режимдік комиссияның мамандары зертхананы тексеру актісінің;

2) ұйымдар (орталықтар, зертханалар) басшыларының өтініші;

3) орындалған зерттеу номенклатурасын, материалдық базасын, кадр құрамын және персоналды кәсіби даярлау көрсетілген түсіндірме жазба.

27. Осы Санитарлық ережені бұзушылық анықталған кезде зертхана Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгілеген тәртіппен I-IV патогенді топтар микроорганизмдерімен және гельминттермен жұмыс істеуге рұқсаттан айырылады.

28. I-IV патогенді топтар қоздырғыштарын және гельминттерді жұқтырған немесе оларды жұқтыруға күдікті материалдармен жұмыс істеуге рұқсат берудің міндетті шарттары мыналар болып табылады:

1) мамандардың жұмысқа қабылданар алдында алдын ала және мерзімдік медициналық қараудан өту;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен алдын ала егулер алу.

29. I-II патогенді топтар қоздырғыштарын жұқтырған немесе оларды жұқтыруға күдікті биологиялық материалдармен жұмыс істеуге рұқсат берудің міндетті шарттары мыналар болып табылады:

1) қызметкерлердің обаға қарсы жүйесінің кадрларына арналған мамандандыру курстарынан міндетті түрде өтуі;

2) I-II патогенді топтар қоздырғыштарын жұқтырған немесе оларды жұқтыруға күдікті материалдармен жұмыс істеу кезінде санитарлық-эпидемиологиялық талаптар мен техника қауіпсіздігін білуге, ұйым басшысының бұйрығымен ресімделетін мерзімдік (екі жылда кемінде бір рет) аттестациядан өтуі.

30. Инженерлік-техникалық қызметкерлердің жеке қауіпсіздік шаралары жөніндегі негізгі ережелерді тапсырғаннан кейін ұйым басшысының өкімімен олардың үй-жайларға ылғи баруына рұқсат беріледі. Олар келген кезде зертханада жұқтырылған немесе жұқтыруға күдікті материалмен жұмыс тоқтатылады. Инженерлік-техникалық қызметкерлердің үй-жайларға баруы зертхана қызметкерлерінің біреуі онымен ілесуі арқылы жүзеге асырылады және арнайы журналда тіркеледі.

4. Зертханаларда жұмыс істеу кезіндегі техника қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

31. Жұмысқа қабылданған кезде және одан әрі тоқсан сайын зертхананың барлық қызметкерлері үшін техника қауіпсіздігі бойынша нұсқамалық өткізілуге тиіс.

32. Зертхана жабдығын пайдалану жөніндегі нұсқаулық жұмыс орындарында болуға тиісті. Зертханаларда тиісті нормативтік-техникалық құжаттамамен белгіленетін зерттеу сапасын бақылау жүйесінің талаптары орындалуға тиіс.

33. Электр жабдығымен жұмыс істеген уақытта қорғаныш құралдары (диэлектр кілемшелері мен резеңке қолғаптар, оқшаулағыш тақтайшалары) қолданылуы тиіс.

34. Зертхана үй-жайларында:

1) жағылған заттар мен басқа да қыздыратын аспаптарды байқаусыз қалдыруға, жұмыс істемейтін крандары бар қыздырғыштармен жұмыс істеуге, олардың қасында жанатын заттарды ұстауға;

2) жанып тұрған қыздырғыштар мен қосылған электр қыздыру аспаптарының жанында кездейсоқ төгілген жанатын сұйықтықтарды жинауға;

3) жұмыс істемейтін желдеткішпен жұмыс жүргізуге;

4) жұмыс уақытында қауіпсіздік боксының есігін ашуға тыйым салынады.

35. Жұмыс басталар алдында қауіпсіздік бөлмесінде (бокста) тартпалы желдеткіштер қосылуға тиіс және материалды батыру кері қысыммен жүргізіледі

43. Спиртпен немесе тез жанатын сұйықтықтармен жұмыс істеген кезде жұмыс орнында авариялық жағдайда өртті тез сөндіру үшін тығыз мата болуы керек.

44. Шыны аспаптармен жұмыс істеген кезде:

1) шыны аспаптарды жинау немесе оның жекелеген бөліктерін каучук көмегімен қосу кезінде - қолды сүлгімен қорғаған; шыны түтікшелерді сындырған кезде түтікшені шыны кесінділерін тастайтын жерде ұстаған;

2) каучук қызғанға дейін түтікшелер мен таяқшалардың басын ерітіп және сумен сулаған; түтікшелер мен таяқшалардың басын еріткен кезде арнайы ұстағыштарды қолданған;

3) шыны түтікшелерді резеңке тығындарға немесе резеңке түтікшелерге қондырған кезде (аспапты жинау кезінде) шыны түтікшені сыртынан алдын ала сулаған және резеңке түтікшенің ішкі жақ шеттерін немесе саңылауларын сулы тығында, глицеринмен немесе вазелин майымен майлаған жөн. Түтікшелердің үшкір шеттері балқытылуға тиіс;

4) шыны түтікшелерді немесе термометрлерді бұрғыланған тығынға қондырған кезде алақанымен емес, жанарынан ұстаған;

5) қыздырылған ыдысты оны салқындатқаннан кейін тегіс тығынмен жабқан жөн.

45. Сұйықтықтарды құйған кезде (құрамында жұқпалы аурулар қоздырғыштары бар сұйықтықтардан басқа) воронканы қолдану керек.

46. Шыны аспаптар қызуы немесе оның сынуы мүмкін жұмысты жүргізген кезде тартпа шкафтарда тартпаларда, көзілдірікпен, қолғаппен және резеңке алжапқышпен орындалуы тиіс.

47. Спирт, бензол, ацетон, бром, йод бар ыдыстар шыны тегіс тығынмен, сілтілері барлар - бұрандалы қақпақпен жабылуы тиіс.

48. Зертханада дәрі қобдишасы, ботулин уыттарымен жұмыс істеген кезде - уытқа қарсы сарысу болуы тиіс.

5. Зертханаларда жұмыс істеу жағдайларына (індетке қарсы режимге) қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

49. Құрамында жұқпалы аурулар қоздырғыштары бар сұйықтықтардың ерітінділері резеңке грушаның немесе автоматты пипетканың көмегімен алынуға тиіс. Сұйықты ауызбен алуға, шетінен бір пробиркадан екінші пробиркаға сұйық өсінділерді құюға тыйым салынады. Пайдаланар алдында ыдыс, пипетка, жабдық, шприцтер тұтастығы мен дұрыстығына тексерілуі тиіс. Бактериологиялық ілмектің иығы 6 сантиметрден аспауы керек.

50. Жұқпалы материалды жеткізу және оны ұйымның (зертхананың) аумағындағы бір зертханадан екінші зертханаға тасымалдау пломбыланған металдан жасалған ыдыста (бакта, биксте) жүзеге асырылады. Материалды ашқан кезде банкалар мен пробиркалар дезинфекциялайтын ерітіндімен сүртілуге және металл кювет пен штативке қойылуы тиіс. Өсінділер себілген ыдыстағы конденсат бар суға қол тигізуге болмайды.

51. Жұқпалы материалды сепкен кезде пробиркаларға, ыдыстарға, сауыттарға материалдың атауы, өсіндінің (анализдің) нөмірі, себу күні мен тіркеу нөмірі көрсетіле отырып жазу жазылады.

52. Сероологиялық зерттеулер жүргізер алдында материал залалсыздандырылған болуы тиіс. Зерттеуді жедел жүргізу қажетіне қарай алдын ала залалсыздандырылмас бұрын әсерін қоюға болады. Мұндай жағдайда зерттеу кюветте, дезинфекциялық ерітіндіге малынған салфеткада жүргізіледі.

53. Жұмыс аяқталғаннан кейін белгіленбеген жағындыларды, Петри ыдысын, пробиркалар мен жұқпалы материал бар басқа да ыдыстарды жұмыс үстелдерінде қалдыруға болмайды.

54. Жұмыс басталғанға дейін зертхана үй-жайын ылғалды тәсілмен жинаған жөн. Үстелдер, аспаптар, жабдық, еден, терезе алды дезинфекциялық құралды қолдана отырып сүртіледі. Жұмыс барысында және ол аяқталғаннан кейін зертханада осы Санитарлық ережеге 7-қосымшаға сәйкес дезинфекциялау мен қуаттылығы 1 шаршы метрге 2,5 ватт қуаттылығымен 30-60 минут бойы бактерицидтік шаммен сәулелендіру жүргізіледі.

55. Жұқпалы материалды сақтағаннан кейін тоңазытқыштарды жібіту оларды дезинфекциялаумен бірге жүргізіледі. Конденсацияланатын су залалсыздандыруға жатады.

56. Жұмыс күнінің аяғында термостаттар, тоңазытқыштар, шкафтар, олар тұрған жұмыс бөлмесінің есіктері кілтке жабылады да пломбыланады.

57. I-II топтар қоздырғыштарымен жұмыс жүргізетін ұйымдардағы зертхана үй-жайлары тұмшаланады. "Жұқпалы" аймақ үй-жайлары шығаберісте жіңішке тазалағышы бар механикалық желдеткішпен жабдықталады.

58. Жұқтырылған жануармен жұмыс жүргізілетін үй-жайдың кіреберісінде биіктігі 30 см табалдырығы, ал бактериологиялық бокстар, серологиялық және шұғыл зерттеуге арналған үй-жайларда - дезинфекциялық ерітіндіге батырылған кілемше болуы тиіс.

59. I-II патогенді топтар микроорганизмдер жұқтырылған материал жұққан жануарлар басқа жануарлардан бөлек тұруға тиіс.

60. Мыналарға: диагностикадағы материалды зерттеу жүргізілетін үй-жайдағы тірі вакциналармен жұмыс істеуге; зертханада зерттелетін микроорганизмдер сезгіш дәрілік препараттар болмағанда вирулентті

антибиотиктерге төзімді микроорганизмдермен эксперименттік жұмыс жүргізуге тыйым салынады.

61. Жұқпалы блокты қоспағанда зертханалық үй-жайларда 4 үлгілік қорғаныш костюмімен жұмыс жүргізіледі. Саптың және мелиоздың қоздырғыштарымен жұмыс істеген кезде жұмыс істеуші адамдар резеңке қолғаппен, бактериологиялық зерттеулер кезінде - қосымша мақта-дәке маска мен қорғаушы көзілдірікте болуы тиіс.

62. Аса қауіпті жұқпалы аурулар қоздырғыштарын жұқтыруға күдікті кез келген дала материалын (кеміргіштердің өліктері, эконопаразиттер, індердің субстрат сынамалары) тұрғын палаткаларынан кемінде 20 мм қашықтықта, күн сәулесінен, сондай-ақ жауын-шашын мен жоғары қызу әсерінен қорғалған жабындыларда оны зертханаға жеткізген сәтке дейін уақытша сақтауға рұқсат етіледі.

63. Дала материалын зертханаға жеткізу дала бригадасының немесе зертхананың көлігімен екі адам апару арқылы жүзеге асырылады.

64. Жыртқыш құстардың құсықтары мен аңдардың экскременттерін талдау 1% формалин ерітіндісінде 12-18 сағаттай ұстағаннан кейін жүргізіледі.

65. Жәндіктер мен кенелерді оларды себілу мүмкін емес арнайы үй-жайларда (инсектарийде) сауыттарда немесе банкілерде ұстайды. Бұрыннан бар инсектарийді толтыру үшін ұсталған бүргелерді қан сормаған жастары пайда болғанға дейін жекелеген банкаларда ұстайды.

66. Буынаяқтылармен жұмыс істеу кезінде қолданылатын ыдысты қайнату арқылы дезинфекциялайды. Қалдықтарының үстіне дезинфекциялық ерітінді құяды немесе жағады, құрал-саймандарды қайнатады немесе отқа қақтайды. Бөзден жасалған қаптарды 30 минут ішінде сулы-сабынды ерітіндіде қайнату арқылы залалсыздандырады.

67. Виварийлер мен инсектарийлердегі омыртқалылар мен буынаяқтылардың қозғалысын есепке алуды ауланған күні мен орнын, зерттеу мен карантин нәтижелерін көрсете отырып, арнайы нөмірленген және байланған журналда жүргізеді. Виварий мен инсектарий үй-жайлары жұмыс күні аяқталғанда мөрленіп жабылады.

68. Омыртқалылар мен буынаяқтыларды виварийлер мен инсектарийлерден басқа ұйымдарға жіберу тек ұйым (зертхана) басшысының рұқсатымен ғана, бұл ретте тек таза виварийлерде туған аңдар қатарынан ғана мүмкін болады.

69. Адамдардан, кеміргіштерден, эконопаразиттерден алынған биологиялық материалдарды, қоршаған орта сынамаларын, жануарлардың жұқпаларын қабылдаумен және бастапқы өңдеумен байланысты барлық жұмыстар мен оларды зерттеу "жұқпалы" блокта жүргізілуге тиіс. Бактериологиялық зерттеу үшін зертхана жануарларының ағзаларының жұқпаларын, оларды союды, себүді

дәрігер мен зертханашы осы Санитарлық ережеге 8-қосымшаға сәйкес 1-2 үлгідегі қорғаныш костюмімен жүргізеді. Жұқпалы бөлімшеде жұмыс аяқталғаннан кейін қорғаныш костюмдерін шешу және бокс кіреберісінде залалсыздандыру керек.

70. Қызметкердің зертхана үй-жайынан қорғаныш киімімен шығуға, оны жұқпамен немесе жұқпаға күдікті материалмен жұмыс істеген кезеңде үй-жайдан шақыруға тыйым салынады.

71. Ауысымды жұмыс істеу жағдайын сақтай отырып және зертханада кемінде екі адам (дәрігер мен зертханашы) қалған болса, ұйым басшысының рұқсатымен зерттеуді түнгі уақытта және жұмыс күні аяқталғаннан кейін жүргізуге болады.

72. I патогенді топ қоздырғышын жұқтыруға күдікті материалмен жұмыс істейтін адамдардың жұмыс күнінің аяғында температурасын өлшеу мен арнайы журналда тіркеу жүргізіледі.

73. Кептірілген микроорганизмдер бар ампулаларды ашу үстел үстіндегі бокстарда, дезинфекциялайтын ерітіндісі бар кюветтің үстінде жүргізіледі. Кесілетін ампуланың шеті дезинфекциялайтын ерітіндіге батырылған үш қабатты дәке салфеткамен жабылады да, пинцетпен бөлінеді. Ашылған ампула бір-екі минут бойы жабылған салфеткада қалуы тиіс, бұдан кейін салфетка дезинфекциялайтын ерітіндіге батырылады да, одан соң ампула зарарсыздандырылған тампонмен жабылады. Құрамындағылар толық ерігеннен кейін ампула бокстан алынуға тиіс.

74. Күйдіргі микроорганизмдерімен жұмыс жүргізетін зертханаларда зерттеу ақталғаннан кейін зертхана үй-жайлары мен жабдықтарын жұқпаның себілуіне тексеру жүргізілуі тиіс.

75. I-II топтар микроорганизмдерін жұқтырған немесе жұқтыруға күдікті материалдан алынған жағындыларды кептіруге және қыздыру арқылы бекітуге тыйым салынады. Бекіту үшін 96^0 этил спирті, Никифоров қоспасы (96^0 этил спирті мен эфирге тең), метил спирті, құрамында күйдіргі микробы бар материалды зерттеу кезінде - 3% пергидроль ерітіндісі қосылған этил спирті қолданылады.

76. Жұмыс аяқталғаннан кейін зерттелетін материалды тоңазытқыш термостатқа (температурасы $18-20^0$ C) салған, үстелді дезинфекциялайтын ерітіндімен, қолды - 70^0 спиртпен өңдеген және мұқият жуған дұрыс. Қызметкер аз уақытқа бокстан шыққан кезде есіктер кілтпен жабылып, кілт зерттеу жүргізетін қызметкерде сақталады.

77. Жұқпалы немесе жұқтыруға күдікті материалды бір бокстан екінші боксқа немесе автоклавқа тасымалдау металл бикстармен жүргізіледі. Өңделген

материалды (кеміргіштердің өліктері, зертханалық жануарлар, ұядан алынған материалдар) залалсыздандырады да, кремациялау пешінде жағады. Кремациялау пеші болмаған кезде жұқпалы материал автоклавқа салынады, кейіннен оны тұрмыстық қалдықтар полигонында көмеді. Далалық жағдайларда материалды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдардың арнайы рұқсатымен және санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды бойынша химиялық залалсыздандыруға және шұңқырларға көмуге рұқсат етіледі.

78. Зертхана үй-жайынан алынған қоқыс дезинфекциялайтын ерітіндіге батырумен, автоклавтаумен немесе жағумен залалсыздандырылады. Залалсыздандырылмаған сұйықтарды кәріз жүйесіне төгуге тыйым салынады.

79. Зертханада тоқсан сайын желдеткіш жүйесі фильтрлерінің тиімділігін бақылау, ағын суларда дезинфектанттың шоғырлануын анықтау және оларды патогенді микрофлораға зерттеу жүргізілуге тиіс.

80. Зерттеу нәтижелерін жазу шимай жазба беттерінде жүргізіледі, бокстан әкету алдында дезинфекцияланады.

6. Вирустармен жұмыс істеген кездегі талаптар

81. Зертхананың "жұқпалы" аймағындағы боксталған үй-жайларда (биологиялық қауіпсіздік бокстары) мыналар жүргізіледі:

- 1) жануарларды жұқтыру және сою;
- 2) жұпалы жануарларды ұстау;
- 3) центрифугалау, кептіру, дезинтеграциялау, аэрозолдардың ықтимал пайда болуына байланысты басқа да операциялар;
- 4) жасушалар мен тауық эмбриондарын өсінділерін жұқтыру;
- 5) суспензияларды дайындау;
- 6) лиофилизирленген ПБА-мен жұмыс істеу;
- 7) жинақтық штамдарды жүргізу жөніндегі жұмыс.

82. Тірі вирустармен серологиялық зерттеу, бастапқы және қайта егілетін тіндер өсінділерінің сан алуан жүйелерін дайындау, клиникалық материалдарды бастапқы өңдеу биологиялық қорғаныш шкафтарында (кабинеттерінде) жүргізілуге тиіс.

83. Қызметші бокста жұмыс істеген кезде мақта матадан тігілген пижамаларды, зарарсыздандырылған халаттарды, орамалдарды, маскаларды киюге тиіс. Жасуша жүйелерін культивациялау мен жұқпалы материалмен жұмыс істеу резеңке қолғаппен орындалуы тиіс.

84. ПБА бар ыдыс көп қабатты дәке салфеткамен жабылған, дезинфекцияланатын ерітіндіге батырылған подноса немесе табақшаға қойылады.

85. Адамдар сарысуларын антигендердің табылуына зерттеуде немесе II патогендік топтар қоздырғышына антиденелерді анықтауда мынадай шарттар сақталуы тиіс:

1) жұмыс жекелеген үй-жайда жүргізіледі (бөлме, бокс);
2) жұқпалы емес (құрамында тірі қоздырғыштар жоқ) антигендерді (диагностикум) пайдалану;

3) центрифугалау арқылы қаннан сарысу бөлуді бокс үй-жайларында немесе биологиялық қорғаныш бокстарда жүргізу.

86. I-II патогендік топтар вирустарымен жұмыс барлық зерттеулер өзара хабарлайтын қауіпсіздік бокстар жүйесінде жүргізілетін арнайы зертханаларда жүргізілуге тиіс. "Жұқпалы" аймақтардың үй-жайларында есіктері автоматты түрде жабылатын өтпелі автоклав орнатылуы тиіс.

87. "Жұқпалы" аймаққа кіру қорғаныш киімі киілетін душ немесе шлюзі бар санитарлық өткізгіш арқылы жүзеге асырылады. Шлюзда жұмыс істеген уақытта бактерицидтік шам қосылуы тиіс.

88. Шлюздерге кіретін есіктер өзі жабылатын және құлыптармен жабдықталған болуы тиіс. Жұмыс уақытында "жұқпалы" аймақ үй-жайларының есіктері жабық болуы керек. Бұл уақытта вирусологиялық боксқа кіруге және шығуға тыйым салынады. Басқа үй-жайлармен байланыс жасау үшін телефон немесе сөйлесу құрылғылары пайдаланылады.

89. Биологиялық материалдарды сақтау төменгі температураға төзімді, тұмшаланған, жарылмайтын контейнерлерде жүзеге асырылуы тиіс, олар температурасы төмен шкафтарға немесе сұйық азот бар ыдысқа салынады.

90. Биологиялық материалды технологиялық жүйелер мен қойма арасында тасымалдау тұмшаланып жабылатын, ылғал өтпейтін, залалсыздандырылатын контейнерлерде жүргізілуі тиіс.

91. Вирусология зертханасының барлық қалдықтары, пайдаланылған душ суы залалсыздануы тиіс.

92. Жұмыс кезінде қызметші 2 үлгілі обаға қарсы костюмді пайдаланады, тауық эмбриондарын, жануарларды, эконопаразиттерді жұқтыру, биологиялық материалды центрифугалау және вакуумды кептіру 1 үлгілі қорғаныш костюмімен жүргізіледі. Жұмыс аяғында гигиеналық душ қабылдау керек.

93. Кептірілген риккетсиялар өсінділері бар ампулаларды ашу, риккетсия биомассасын гомогенизациялау үстел үстіндегі тартпалы бокста 2 үлгілік қорғаныш костюмімен жүзеге асырылады.

7. Терең микоздар қоздырғыштарымен жұмыс істеген кездегі талаптар

94. Мицелиалды фаза өсінділерімен әрекет жасау, құрттардың өмір сүргіштігінің барлық фазаларын зерделеу боксқа кіретін және одан шығатын ауаны тиімділігі жоғары зарарсыздандыру фильтрі арқылы сүзуді қамтитын сүзгіш-желдеткіш жүйесі бар тұмшалы бокста жүргізілуі тиіс.

95. Жұмыс басталар алдында 15 минут бұрын бокста бактерицидтік шам мен бокстың тартпалы желдету жүйесі қосылады. Боксқа күш түскен кезде желдеткішті сөндіру керек. Егер жұмыс уақытында ауаны сору доғарылса, жұмыс дереу тоқтатылады. Тоқсанына кемінде бір рет бактериологиялық зерттеуді жүргізеді, фильтрдің жұмысын бақылауды айына бір рет жүргізеді.

96. Бокста мицелиалды өсінділерді себуди физиологиялық ерітіндімен немесе сорпамен пробиркаға және матрацқа алдын ала енгізгеннен кейін жүргізеді. Өсінділер шайындысында сұйықтықты матрацқа ұзын инесі бар шприцпен пробирка арқылы енгізеді.

97. Құрттардың мицелиалды фазасымен жұмыс істеген кезде себу бар агар пластинкаларын 5 тәулік бойы (спор пайда болғанға дейін) термостатта ұстайды, себулер бар матрацтарды, пробиркаларды бокстан тыс жерде ашпайды. Себулерді қарауды бокстарда мақта-дәке маскасы бар 4 үлгідегі костюммен жүргізеді. Құрттардың ашытқы фазасымен жұмысты бокста маскасы бар 3 үлгідегі костюммен, серологиялық зерттеуді - 4 үлгідегі костюммен жүргізеді.

98. Құрттар суспензиясының жасуша элементтерін есептер алдында автоклавтайды немесе 10% дейін формалинді қосады да, 37 °C температурада 2 сағат термостатта ұстайды.

99. Антигендерді, вакциналарды алу үшін өсірілген құрттарды 30 минут бойы 0,5 атмосферада немесе түпкілікті шоғырлануы 0,5% дейін формалиндік қосумен автоклавтау арқылы залалсыздандырады.

8. Паразиттік аурулар қоздырғыштарымен жұмыс істеген кездегі талаптар

100. Құрамында ересек гельминттер мен ішек қарапайымдылар стробилдің, онкосферінің, қабыршақтарының, личинкаларының, ерекшеліктерінің болуына күдікті материал тығыз жабылатын қақпағы бар шыны немесе пластикалық ыдыста жеткізілуі тиіс.

101. Гельминттердің, ішек қарапайымдыларының және қан паразиттарының болуына зерттеуді және әзрілеуді тартпалы шкафта жүргізеді. Байыту әдістерін қолдану арқылы зерттеуге арналған зертханалық ыдыс кюветтерде орнатылады.

Зерттеу үшін дайындалған препараттар арнайы подностарға қойылу керек, жағындылар бар заттар шыныларына көлемі үлкен шыныларды салады.

102. Зерттелетін материалмен, ыдыспен, жабдықпен жасалатын барлық әрекеттер резеңке қолғаппен жүргізіледі.

103. Пайдаланылған пипеткалар, пробиркалар, капиллярлар, затты және жабынды шынылар дезинфекциялануға тиіс.

104. Гельминттерді жұқтыруға күдікті материал жекелеген тоңазытқышта сақталуы тиіс, ол жұмыс күнінің аяғында мөрленеді.

9. I-IV патогенді топтар микроорганизмдерін сақтау, тапсыру және тасымалдау тәртібі

105. Барлық микробиология, вирусология және паразитология зертханаларында оларды тасымалдау кезінде жеке және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған, сондай-ақ оларды рұқсатсыз беруді және есепсіз сақтауды болдырмайтын микроорганизмдерді бірыңғай сақтау, тапсыру тәртібі орындалуы тиіс.

106. Су құбырларына, тамақ объектілеріне, медициналық мақсаттағы өнімдерді өндіретін ұйымдарға қызмет көрсететін өндірістік зертханаларда I-IV патогенді топтар микроорганизмдерінің мұражайлық өсінділерінің болуына және оларды зерделеуге байланысты зерттеулер жүргізуге тыйым салынады.

Бұл зертханаларға мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органының санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы бойынша өндіруге берілген нормативтік-техникалық құжаттамамен көзделген үлгілік микроорганизмдер өсінділерінің жинағына ие болуға рұқсат етіледі.

107. Диагностикалық және өзге де зерттеулер кезінде олармен жұмыс істеуге рұқсаты болмаған зертханаларға бөлінген I-IV патогенді топтар микроорганизмдері режимдік комиссияның тиісті рұқсаты бар зертханаға берілуі тиіс.

108. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның режимдік комиссиясының оған берген рұқсаты болған кезде, I-IV патогенді топтар микроорганизмдерімен жұмыс істеуге режимдік комиссия берген рұқсаты бар ұйымдардың, зертханалардың мұражайлық өсінділер жинағы болуы мүмкін.

109. Бөлінген I-IV патогенді топтар микроорганизмдері ұйым, зертхана басшысының рұқсатымен жойылуы тиіс.

110. Өндірістік және эталонды I-IV патогенді топтар микроорганизмдерін беру қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылуға тиіс.

111. I-IV патогенді топтар микроорганизмдерін бөлу жөніндегі зерттеуді жүргізуші бөлімшелер олардың қозғалысын және сақтауды мынадай нысандар бойынша жүргізуге тиіс:

1) осы Санитарлық ережеге 9-қосымшаға сәйкес зерттеу (сәйкестендіру) және сақтау үшін келіп түскен I-IV патогенді топтар микроорганизмдерін тіркеу журналы;

2) осы Санитарлық ережеге 10-қосымшаға сәйкес бөлінген микроорганизмдер штамдарын тіркеу журналы;

3) осы Санитарлық ережеге 11-қосымшаға сәйкес жинақтық микроорганизмдерді түгендеу журналы;

4) осы Санитарлық ережеге 12-қосымшаға сәйкес патогенді биологиялық агенттер қозғалысын тіркеу журналы;

5) осы Санитарлық ережеге 13-қосымшаға сәйкес патогенді биологиялық агенттерді тапсыру журналы;

6) осы Санитарлық ережеге 14-қосымшаға сәйкес патогенді биологиялық агенттерді лиофилизациялау журналы;

7) осы Санитарлық ережеге 15-қосымшаға сәйкес патогенді биологиялық агенттерді залалсыздандыру журналы.

112. Жинақтық штамға берілген белгіні (нөмір, коды) оны берген кезде өзгертуге болмайды. Штам өлген (жойылған) жағдайда оның белгілерін жаңадан келіп түскен штамдарға беруге болмайды.

113. Осы Санитарлық ережеге 16-қосымшаға сәйкес I-IV патогенді топтар микроорганизмдері штамдарын жою актімен ресімделуге тиіс.

114. Барлық журналдар нөмірленуге, байлануға, мөрленуге және зертханада 3 жыл бойы сақталуға тиіс.

115. Журналдағы жазулар басқа құжаттамаларға: жою, алу, тапсыру актісіне сәйкес келуі тиіс.

116. Микроорганизмдер бар ыдыстардың айқын, шайылып кетпейтін жазуы немесе микроорганизмнің атауы, штамм нөмірі мен қайта себілген (лиофилизациялау) күні белгіленген заттаңбасы мықтылап желімделген болуы тиіс. Уыттар бар ыдыстар заттаңбасының оң жақ төменгі бұрышында қосымша қызыл түсті белгісі болуы тиіс.

117. Жинақтағы I-IV патогенді топтар микроорганизмдері лиофилизирленген немесе тоңазытылған, тығыз немесе сұйық коректік ортада, сондай-ақ ағзалардың суспензиялары мен консерванттағы тіндер түрінде сақталуға тиіс.

118. Осы Санитарлық ережеге 17-қосымшаға сәйкес лиофилизирленген микроорганизмдер бар ампулаларды ашу актімен ресімделеді.

119. Микроорганизмдер штамдары тоңазытқышта немесе жағылмайтын шкафта (сейфте) топ бойынша бөлек-бөлек сақталуға тиіс. Әр түрлі топтардағы

микроорганизмдерді бірге ұстауға олар жабылатын қақпағы бар, сынбайтын ыдыстарда сақталған жағдайда жол беріледі. Ыдыстар мөрленеді, олардың сыртында немесе ішінде сақталатын микроорганизмдердің тізбесі мен саны бар тізілім болады.

120. I-II топтар микроорганизмдерін бір бөлімшеден екінші бөлімшеге тапсыруды ұйым басшысының, III-IV топтарды - бөлімше басшыларының жазбаша рұқсаты бойынша осы Санитарлық ережеге 18-қосымшаға сәйкес жүзеге асырған жөн.

121. I-II топтар микроорганизмдерін және III-IV топтар микроорганизмдерінің жинақтық штамдарын беруді актімен және патогенді микроорганизмдерді беру журналында жазумен осы Санитарлық ережеге 19-қосымшаға сәйкес ресімдеу қажет.

122. I-IV топтар микроорганизмді бір ұйымнан екінші ұйымға тапсыру ұйым басшысының қолы қойылған, мөрі басылған ресми өтініш бойынша ғана жүргізілуге тиіс. Талап етілетін агенттерді белгілеу кезінде патогенді топтар бойынша адам үшін қабылданған патогенді микроорганизмдер жіктемесі пайдаланылады. Микроорганизмдерді алуға өтінімде тапсыру нөмірі мен күні көрсетіле отырып, микроорганизмдермен жұмыс істеуге рұқсат болуға сілтеме болуы тиіс. Тапсыру тек микроорганизмдерді беретін ұйым басшысының жазбаша рұқсатымен және акті жасалумен ғана (осы Санитарлық ережеге 20-қосымшаға сәйкес) жүргізіледі.

123. I-IV топтар микроорганизмдерін ұйымдар арасында тасымалдау почта байланысы немесе қолма-қол беру арқылы жүзеге асырылады. Микроорганизмдерді алу кезінде жеткізуші растығын және оның жеке басын куәландыратын құжатты ұсынуға тиіс. Жеткізуші микроорганизмдердің жеткізілуіне жауапты болып табылады.

124. I-II топтар микроорганизмдерін арнайы байланыс арқылы немесе биологиялық қауіпсіздік талаптарымен таныс екі жеткізуші жібереді, бұл ретте оның біреуінің осы патогендік топтар микроорганизмдерімен жұмыс істеуге рұқсаты болуы тиіс.

125. I-IV топтар микроорганизмдерін тасымалдау кезінде барлық тексеру және бақылау түрлерін болдырмау мақсатында жеткізушіге анықтама мен оның құрамы көрсетіле отырып, осы Санитарлық ережеге 21-қосымшаға сәйкес ресми бланкідегі ұйымның жөнелтпе хаты берілуі тиіс. I-II топтар микроорганизмдері үшін қосымша екі данада қаттама актісі жасалады. Аталған құжаттардың бірінші даналарын микроорганизмдер бар қаттамаға салады. Құжаттардың көшірмелері жөнелтушіде қалады. Микроорганизмдерді алған ұйымдар қаттама мен онымен бірге микроорганизмдерді алуды растайтын хатты ашу актісін жасауға, оны берген ұйымға жіберуге тиіс.

126. Жөнелтуші ұйым алушы ұйымның кез келген жедел байланысы түрімен микроорганизмнің жөнелтілген күні мен көліктің түрін хабарлауға тиіс.

127. I-IV топтар микроорганизмдерін лиофизирлендірілген жағдайда немесе тығыз қоректік ортада жібереді. Құрамында микроорганизмдер бар уыттарды, вирустарды, ағзаларды, тіндер мен олардың суспензияларды консервіленген сұйықтықта немесе тоңазытылған күйде жіберуге рұқсат етіледі.

128. Микроорганизмдерді тасымалдау тұмшаланған жабық ыдыстарда (дәнекерленген ампулалар, жанышталған сауыттар, қалың шыныдан жасалған түтікшелер немесе пластикалық материалдар, пробиркалар, жабдық тығындар мен тұмшаланған әр түрлі пластификаторлар). Ыдыстар лигнинмен немесе гигроскопиялық мақтамен оралады, металдан немесе пластмассада жасалған (тек III-IV топтар үшін) тығыз жабылатын немесе бұрандалы пеналға салынады. Пеналдағы ыдыс қаттамасында олардың орындары ауыспауға және тұтастығы бұзылмауға тиіс. Қаттамасы зақымдалған жағдайда дым тартатын материал мөлшері барлық сұйықты сору үшін жеткілікті болуы тиіс. Қатталған ыдыстары бар пеналдарды қағазға орайды және сургуч мөрмен мөрлейді.

129. Жөнелтімнің мекен-жайы жазылған жағында "Қауіпті! Тасымалдау кезінде ашуға болмайды" деген жазу болуы керек.

130. I-IV топтар микроорганизмдерін жұқтыруға күдікті тірі жануарлар мен буынаяқтыларды тасымалдауға тиісті аумақтағы мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органының санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы бойынша ғана рұқсат беріледі. I-IV топтар микроорганизмдерін жұқтырған тірі жануарлар мен буынаяқтыларды тасымалдауға тыйым салынады.

131. Микроорганизмдерді тасымалдау кезінде авариялар, апаттар болған, жөнелтілім жоғалған немесе ұрланған жағдайда оқиға болған жерді қорғау, зардаптарын жою және іздестіруді ұйымдастыру жөніндегі шараларды қабылдау үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарына дереу хабарлауға тиіс.

132. Микроорганизмдер өсінділері, уыттар, улар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шет елге жіберілуі немесе алынуы мүмкін.

133. Шет елден ПБА алған ұйымдар ол туралы Қазақстан Республикасының ұлттық микроорганизмдер жинақтарын хабардар етуге тиіс.

134. Шетелдік іссапар кезінде микроорганизмдерді алушы адамдар оларды өз ұйымында келгеннен кейін тіркеуге міндетті.

135. Жөнелтуші ұйымның басшысы қаттамалау және жіберілген жеріне дейін тасымалдау ережесі мен талаптарының сақталуы, сондай-ақ қолданыстағы

халықаралық конвенциялар мен ережелерге сәйкес ПБА қаттамасының дұрыстығына және Халықаралық почтамыт арқылы жөнелтілуіне жауапты болып табылады.

136. Алушы мен жөнелтушінің мекен-жайы көрсетілген жәшіктің беті күлгін түсті заттаңбамен және "тез бұзылатын биологиялық зат", "Қауіпті: жөнелту кезінде ашуға болмайды, "Коммерциялық құндылығы жоқ", "Халықаралық почталық қауіпсіздік ережесіне сәйкес қатталған" (ағылшын тілінде) деген ерекше белгілермен жабдықталуы тиіс.

137. Медициналық ұйымдар тек қана оларды алу мақсаты мен қажеттігін негіздей отырып, микроорганизмдердің түрін, үлгілік авторлық жинақ атауын көрсете келе, талаптарды жіберу арқылы ПБА-ны тірі өсімділер мұражайлары арқылы сұратуына болады.

10. Биологиялық материалдармен жұмыс істеген кезде аварияларды жою кезіндегі іс-қимылдардың тәртібі

138. I-II патогендік топтар қоздырғыштарымен жұмыс жүргізетін әрбір ұйымның жанында оларда ауруға күдікті және аварияны болдыратын белгілердің табылу жағдайына қызметкерлерге арналған оқшаулағыштар болуы тиіс.

139. Оқшаулағышта тіршілік айғақтары бойынша көмек көрсетуге (кардиологиялық, шокқа қарсы, антидоттар) арналған ерекше дәрілік препараттардың, дәрі-дәрмектер мен дезинфекциялық құралдардың негізгі және резервтік қоры болуға тиіс.

140. Биологиялық материалдармен жұмыс істеген уақыттағы авариялар кезінде оны дереу тоқтатады да авариялық сигнализацияны қосады.

141. Егер авария кезінде жұқпалы материал шашыратылған болса, бөлмеде болғандардың барлығы жұмыстарын доғарып, артынан есікті жауып, бокс кіреберісіне шығып, қолын, бетін, шырыштыларын дезинфекциялық ерітіндімен немесе спиртпен өңдеуі тиіс. Қорғаныш киімін (бас орамалдан немесе шлемнен бастап) дезинфекциялық ерітіндімен малып сулайды, оны алып, дезинфекциялық ерітіндіге салады немесе автоклавтау үшін бикске (бак) қояды. Көзіне, мұрнына қоздырғыштар сезгіш антибиотиктер тамызады, Авария болған жағдайда терең микоздар қоздырғыштарымен жұмыс істеген кезде көзі мен мұрнына 1% бор қышқылын, ауызы мен тамағына 70⁰ этил спирті тамызады.

142. Ботулин уыттарымен авария болған кезде көзі мен аузын сумен және 1 миллилитрге 10 халықаралық бірлікке (бұдан әрі - МЕ/мл) дейін ерітілген уытқа қарсы сарысумен жуады. Ботулин уыттарының ашық тері қабаттарына түсуі кезінде оны сабынды сумен көбірек жуады.

143. Егер авария белгісіз қоздырғышпен жұмыс істеу кезінде болса, әсері көп антибиотиктермен профилактикалық емдеу жүргізіледі.

144. Егер авария кезінде биологиялық материал шашырамаса, биологиялық материалмен жанасқан орын мен жабдықтың үстін дезинфекциялық ерітіндіге малынған тампонмен сүртіледі. Қызметкер авария болған үй-жайдан шығады, қорғаныш киімді шешіп, дезинфекциялық ерітіндіге батырады. Дененің ашық тұрған бөлігі дезинфекциялық ерітіндімен немесе 70⁰ спиртпен өңделеді.

145. Егер авария қауіпсіздік боксында (кабинет) болса, жұмысты тоқтатып, материал түскен орынға дезинфекциялық ерітіндіге малынған салфетка басылады. Бокста (кабинетте) және үй-жайда 30 минут бактерицидтік шам қосылады, авариялық сигнализация қосылады, бокста дезинфекция жасалады. Авария және дезинфекциялау кезінде тартпалы желдеткіш қосылған күйде қалуға тиіс.

146. Егер авария тері қабатының жарақатына немесе басқа да бұзылуларға
б а й л а н ы с т ы б о л с а :

1) жұмысты тоқтатып, қолын дезинфекциялық ерітіндімен өңдейді, қолғабын шешеді де, дезинфекциялық ерітіндіге жарақаттан аққан қанды сығады, жарақат орнына 4-5 минутқа дезинфекциялық ерітіндіден немесе 70⁰ этил спиртінен ж а с а л ғ а н к о м п р е с с қ о я д ы ;

2) күйдіргімен жұмыс істеген кезде жарақат орнын сабынды сумен мұқият жуады да, дезинфекциялық ерітіндіні қолданбай йод жағады;

3) терең микоздар қоздырғыштарымен авария болған кезде, жарақат орнын тиісті дезинфекциялық ерітіндімен өңдейді, сабынды сумен жуады, йод жағады;

4) I-II топтар вирустарымен жұмыс істеген кезде қанды кептірілген зарарсыздандырылған салфеткаға сығады да, дезинфекциялық ерітіндіні қолданбай жараны йодпен өңдейді.

147. Егер авария материалды тасымалдау кезінде болса (автоклавқа және бөлімшелер арасында), тасымалданатын ыдыстарды орындарында қалдырып, қызметші қауіпті аймақтан кетеді, болған оқиға туралы бөлімше басшысына хабарлайды. Аварияға жол берген адамдар санитарлық өңдеуден өтеді. Авария кезінде үй-жайды өңдеу I-үлгілі обаға қарсы костюмде жүргізеді.

148. I-IV патогенді топтар микроорганизмдерін зертханалық жұқтырудың барлық жағдайлары туралы ақпарат халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органға дереу берілуі тиіс.

"Микробиология, вирусология және
паразитология зертханаларының
құрылысына және жұмыс істеу
жағдайына қойылатын

санитарлық-эпидемиологиялық
санитарлық-эпидемиологиялық
мен нормаларына 1-қосымша

талаптар"
ережесі

**Патогендігі II-IV топтағы микроорганизмдермен
жұмыс жүргізетін микробиология зертханасы
үй-жайлары мен алаңдары**

1. Патогендігі 3-4 топтардың микроорганизмдерімен жұмыс жүргізетін микробиология зертханаларының мынадай үй-жайлары және алаңдары болуға тиіс (шаршы метр):

- 1) зертхана меңгерушісінің кабинеті 12
- 2) себу бөлмесі, кем дегенде 15 1 жұмыс орнына кем дегенде 5,
- 3) ішек жұқпаларына зерттеу бөлмесі 1 жұмыс орнына 6, бірақ кем дегенде 12,
- 4) фаготиптеуге арналған үй-жай кем дегенде 12
- 5) тырысқаққа тексеруге арналған үй-жай кем дегенде 12

2. Санитариялық бактериология бойынша зерттеу жүргізуге арналған үй - ж а й л а р :

- 1) дәрігерлерге арналған 1 жұмыс орнына 6, бірақ кем дегенде 12,
- 2) зертханашыларға арналған 1 жұмыс орнына 6, бірақ кем дегенде 12,
- 3) кіреберісі бар бокс кем дегенде 12

3. Ауа арқылы берілетін жұқпаға зерттеу жүргізуге арналған үй-жай:

- 1) дәрігерлерге арналған 1 жұмыс орнына 6, бірақ кем дегенде 12,
- 2) зертханашыларға арналған 1 жұмыс орнына 6, бірақ кем дегенде 12,
- 3) кіреберісі бар бокс кем дегенде 12
- 4) серологиялық зерттеу жүргізуге арналған үй-жай кем дегенде 14
- 5) себу бөлмесі 1 жұмыс орнына 5, бірақ кем дегенде 15
- 6) зарарсыздандыруға зерттеуге арналған кіреберісі бар бокс кем дегенде 12
- 7) жуу бөлмесі (жуу машинасысыз) кем дегенде 18
- 8) жуу бөлмесі (жуу машинасы кем дегенде 36

қ о л д а н ы л а т ы н)

- 9) препараттар бөлмесі 1 жұмыс орнына 6,
бірақ кем дегенде 12
- 10) зарарсыздандыру бөлмесі 2 зарарсыздандыру шкафына
кем дегенде 15

әрбір қосымша шкафқа кем дегенде 5

4 . Қ ы з у б ө л м е л е р і :

- 1) ішек жұқпаларына зерттеу бөлмесі кем дегенде 6
- 2) санитариялық бактериология
бойынша зерттеуге арналған үй-жай кем дегенде 6
- 3) 43 градус Цельсиядағы
температуралық режимдегі үй-жай кем дегенде 6

5. Мұздату камерасы кем дегенде 8

6. 2 автоклавка арналған бөлме кем дегенде 15
әрбір қосымша автоклавқа кем дегенде 5

7. Қоректендіру ортасын дайындайтын үй-жайлар:

- 1) қоректендіру ортасын қайнататын
үй - ж а й кем дегенде 18
- 2) зарарсыздандырылмаған ортаны
құюға арналған үй-жай 1 жұмыс орнына
кем дегенде 4
- 3) ортаны бөліп құюға және бақылауға
арналған кем дегенде 12-18
- 4) ортаны құюға арналған кіреберісі
бар бокс бөлме 1 жұмыс орнына
кем дегенде 6

8. Тоңазытқыштарға арналған
үй-жайлар кем дегенде 12

9. Энтомология үй-жайы кем дегенде 12

10. Гематология үй-жайы 1 жұмыс орнына 6,
бірақ кем дегенде 18

11. Гельминтологиялық зерттеуге
арналған үй-жай 1 жұмыс орнына 9,
кем дегенде 12

1 2 . Қ о й м а л а р :

- 1) зарарсыздандырылған зертхана
ыдыстары кем дегенде 12
- 2) зарарсыздандырылмаған зертхана
ыдыстары кем дегенде 12

13. Анализдерді қабылдау
пункті 1 жұмыс орнына
кем дегенде 6

14. Қорытынды беретін пункт кем дегенде 6

15. Персоналға арналған санитарлық өткізгіш:

- 1) үй киімдеріне арналған киім ілгіш кем дегенде 0,4
- 2) 1 торға жуынатын себезгі кем дегенде 1
- 3) арнайы жұмыс киіміне арналған
киім ілгіш 1 шкафқа 0,4,
бірақ кем дегенде 6
- 4) дәретхана 1 адамға
кем дегенде 0,85

16. Персонал бөлмесі кем дегенде 8

17. Сынамаларды алатын және қорытындыларын беретін үй-жай:

- 1) күту бөлмесі кем дегенде 12
- 2) тіркеу орны кем дегенде 8
- 3) үй-жай (унитаз және қол жуғыш) кем дегенде 3

18. Оқу бөлмесі 1 орынға 4,
кем дегенде 30

19. Жұмыс көлемі шамалы зертханаларда препараттар мен зарарсыздандыруды бір үй-жайда(18 шаршы метр), санитарлық бактериология және ауа арқылы берілетін жұкпалар бокстарын бір үй-жайда (6 шаршы метр) орналастыруға рұқсат етіледі. Үй-жайлардың жиынтығы оларда орындалатын зерттеулердің тізбесіне байланысты.

"Микробиология, вирусология және
паразитология зертханаларының
құрылысына және жұмыс істеу
жағдайына қойылатын
санитарлық-эпидемиологиялық талаптар"
санитарлық-эпидемиологиялық ережесі
мен нормаларына 2-қосымша

**Патогендігі I-II топтар микроорганизмдерімен
жұмыс жүргізетін микробиология зертханасының
үй-жайлары мен алаңдары**

1. "Таза" аймақта мынадай көлемді (шаршы метрмен) үй-жайлар
қ а р а с т ы р ы л а д ы :

- 1) сырт киімге арналған киім ілгіш кем дегенде 18

